



**ШЕШІМ**

28.06.2024

Астана қаласы

**РЕШЕНИЕ**

№ 188/24-VIII

№

город Астана

**Жергілікті атқарушы органның  
мемлекеттік-жекешелік әріптестік  
жобаларын іске асыру жөніндегі есебі**

Астана қаласы әкімінің орынбасары Е.С. Глотовтың «Жергілікті атқарушы органның мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын іске асыру жөніндегі есебі» тақырыбындағы баяндамасын тыңдап, талқылағаннан кейін Астана қаласының мәслихаты (бұдан әрі – Мәслихат) жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын (бұдан әрі – МЖӘ) іске асыру бойынша атқарушы органдардың жүргізіп жатқан жұмысын атап өтті.

Астана қаласының атқарушы органдары МЖӘ жобалары бойынша 14 шартты іске асыруда. Іске асырылып жатқан МЖӘ жобаларының негізгі үлесі әлеуметтік салаға тиесілі. Мәселен, қолданыстағы 14 шарттың 10 білім беру, спорт және денсаулық сақтау саласында жасалған.

МЖӘ жобаларының бірі «Физикалық қозғалыс мүмкіндіктері шектсулі адамдарға арналған паралимпиадалық жаттығу орталығы мен «Тарлан» Мұз аренасының қызметін ұйымдастыру» жобасы болып табылады. Жобаға сәйкес, 2018 жылдан бастап жеке серіктес мүліктік жалдауға (жалға алуға) екі спорт нысаны берілді: ауданы 4280,4 ш. м. спорт кешені және ауданы 1,1950 га жабық мұз айдыны.

МЖӘ шеңберінде 2021 жылдан бастап жобалық қуаты бір ауысымда 2 000 оқушыны құрайтын 6 Vinom мектебі жұмыс істейді, бұл қысқа мерзім ішінде тапшылықты 24 мың оқушы орнына азайтуға мүмкіндік берді. Vinom мектептеріндегі оқушылар арнайы іріктеусіз, шағын учаскелерге жататындығы бойынша қабылданады.

Экология саласында «Қауіпті қалдықтарды, оның ішінде құрамында сынап бар және медициналық қалдықтарды кәдеге жарату/қайта өңдеу бойынша қызметтер көрсетуді ұйымдастыру үшін өндірістік қуаттар салу» МЖӘ жобасы іске асырылуда. Бұл жоба қауіпті қалдықтарды: құрамында сынап бар қалдықтарды, соның ішінде құрамында сынап бар шамдар мен медициналық қалдықтарды қалдықсыз қайта өңдеу бойынша кейіннен қызметтер көрсете отырып, өндірістік қуаттарды салуды көздейді.

«Астана қаласы әкімдігінің көліктік қызмет көрсету бойынша мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің сервистік келісімшарты» мен «Балабақша салу және пайдалану (№29 және 36 көшелер аймағы)» МЖӘ жобалары бойынша шарттарды іске асыру аяқталды. «Нұр-Сұлтан қаласында фото-бейнетіркеу және бейнеталдау аппараттық-бағдарламалық кешенін құру және пайдалану (Сергек)» МЖӘ жобасы бойынша шартты іске асыру аяқталу сатысында.

«Нұр-Сұлтан қаласындағы «Қазақстан» спорт сарайын зияткерлік технологияларды пайдалана отырып жаңғырту және кейіннен пайдалану» МЖӘ жобасы бойынша шарт сот тәртібімен бұзылды. Жеке серіктес алдындағы қаржылық міндеттемелерді тоқтату бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Сонымен қатар, тәжірибе көрсетіп отырғандай, елорда аумағында іске асырылып жатқан мемлекеттік-жекеменшік әріптестік бүгінгі таңда бюджет қаражатын үнемдеуге бағытталған тиімді құрал деп айтуға болмайды.

Бұрынғыдай МЖӘ жобаларын іске асыру барысында бюджеттік бағдарламалар әкімшілері тарапынан жергілікті бюджет қаражатының тиімсіз пайдаланылуы және МЖӘ жобаларын жоспарлау сапасының деңгейі байқалады. Мемлекеттік әріптестер МЖӘ жобаларын іске асыруды бақылау мен мониторингтеу бойынша жұмысты тиісті деңгейде ұйымдастырмаған. Жеке әріптестер тарапынан шарттық міндеттемелерді сақтамау және тиісінше орындамау фактілері атап өтіледі.

Осыған байланысты, энергетика, туристік сала, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, соның ішінде сумен жабдықтау және МЖӘ жобаларын іске асыру арқылы қоқысты қайта өңдеу мәселелерін шеше отырып, басқа елдердің тәжірибесін қабылдау қажет.

Баяндалғанды ескере отырып, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының нормаларына сәйкес Астана қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Астана қаласы әкімінің орынбасары Е.С. Гловтовтың «Жергілікті атқарушы органның мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын іске асыру жөніндегі есебі» баяндамасы назарға алынсын.

2. Астана қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасары Е.С. Гловтовқа, Астана қаласының әкімдігіне:

мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының іске асырылуына бақылауды күшейту;

жаңа МЖӘ жобаларын, оның ішінде өнеркәсіп, энергетика, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және т.б. салаларында, басқа елдердің озық тәжірибесін қарастыру және пайдалану арқылы құру жөнінде шаралар қабылдау ұсынылсын.

3. «Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» ММ «Астана қаласының ақылы тұрақ кеңістігін құру, пайдалану және басқару» МЖӘ жобасы бойынша:

елорда халқы үшін төлемнің жайлылығына жағдай жасау мақсатында, сондай-ақ жергілікті бюджетке түсетін түсімдерді ұлғайту мақсатында шарттың талаптарын, тетігін, тұрақ үшін төлемнің мөлшерін онлайн форматта қайта қарау және Астана қаласының мәслихатына тиісті ұсыныстар енгізу ұсынылсын.

4. «Астана қаласы Білім басқармасы» ММ «Астана қаласы білім басқармасының «Гуманитарлық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнын сенімгерлік басқаруға беру» МЖӘ жобасы бойынша:

оқыту аяқталғаннан кейін кадрларды даярлау сапасын жақсарту, кадрларды жұмысқа орналастыру және жұмыспен қамту бойынша жүйелі жұмысты қамтамасыз ету ұсынылсын.

5. «Астана қаласының қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» ММ «Астана қаласының қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы» ММ-мен бірлесіп:

елордада қауіпті медициналық қалдықтарды басқару, кәдеге жарату және көму саласында жол берілетін бұзушылықтарды жою ұсынылсын.

6. «Астана қаласының Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» ММ, «Астана қаласының Құрылыс басқармасы» ММ, «Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» ММ, «Астана қаласының Дене шынықтыру және спорт басқармасы» ММ:

Астана қаласы мәслихаты депутаттарының қатысуымен МЖӘ жобаларын іске асыруға жоспарланатын және іске асырылатын мәселелерге қатысты сұрақтарды қарау және шешу жөніндегі жұмыс топтарын құру ұсынылсын.

7. «Астана қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы» ММ:

Астана қаласының таксопарктерімен сервис, қызмет көрсету деңгейін арттыру жөнінде шаралар қабылдау ұсынылсын.

8. «Астана қаласының Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» ММ, «Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» ММ, «Астана қаласының Құрылыс басқармасы» ММ, «Астана қаласының Дене шынықтыру және спорт басқармасы» ММ, «Астана қаласының Білім басқармасы» ММ, «Астана қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы», «Астана қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы» ММ және т. б. мемлекеттік әріптестік бөлігінде:

МЖӘ жобаларын іске асыруды тиісті жүйелі бақылауды және мониторингті жүзеге асыру жөнінде шаралар қабылдау;

жеке әріптестер тарапынан шарттық міндеттемелердің сақталуы және тиісінше орындалуы бойынша бақылауды қамтамасыз ету;

бюджет қаражатын үнемдеу мақсатында төлемдер сомасы азайған кезде МЖӘ шартына уақтылы өзгерістер енгізу;

МЖӘ жобаларын жоспарлау кезеңінде жергілікті бюджеттен қандай да бір қосымша шығындарды төлеу бойынша тәуекелдерді алып тастауды көздеу және т. б. ұсынылсын.

9. Осы шешімнің орындалуын бақылау Астана қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Астана қаласы  
мәслихатының төрағасы**



**Е. Каналимов**